

«Гүлдер» жекеменшік балабақшасы



Эмоциялық тұрақтылық – әдептіліктің тірегі

(педагогикалық әдеп кеңесі)

Психолог: Калжанова А

2026 жыл, наурыз

Тақырыбы: Эмоциялық тұрақтылық – әдептіліктің тірегі

1. Кіріспе

Педагогтың кәсіби мінез-құлқы мен әдептілігі көбіне оның эмоционалды тұрақтылығына байланысты. Эмоциялық тұрақтылық – стресстік жағдайларда сабырлы болу, баланы түсіну және әділ шешім қабылдау қабілеті.

Неліктен маңызды:

- Педагогтың эмоциясы баланың психологиялық жай-күйіне әсер етеді.
- Сабырлы педагог балалар мен ата-аналарға сенімділік береді.
- Эмоциялық тұрақтылық – педагогикалық әдептің негізгі тірегі.

Жұмыстағы мінез-құлық этикасы бұл әріптестер, бәсекелестер арасындағы шынайы және тура қарым-қатынас. Жұмысқа отбасындағы келеңсіздіктер кедергі болмауы тиіс. Қызметтік ортада айтылған ақпараттар мен қызметтік құпия сол айтылған төртбұрыштан тысқа шықпауы қажет. Жұмыс орнында қызметтестермен және бағынысты қызметкерлермен руластыққа, жершілдік пен жікшілдікке бой алдырмастан, олардың жұмыс тәжірибесі мен атқарған қызметіне қарай бағалау орынды. Бағынышты қызметкердің кемшілігін көпшіліктің көзінше емес, жеке өзіне айтып, кемшілігін түзеуіне мүмкіндік жасаған орынды.

Мекеме басшысы неғұрлым жас болса, жасамыс қызметкерлер мен әйелдерге сәлем береді. Бөлмеге кіргенде, басшы бірінші амандасады, қызметкерлер орындарынан тұрмай-ақ амандасады.

Басшы өз кабинетіне жұмыспен келген әйел қызметкерді тұрып қарсы алмайды. Өңгіме ұзаққа созылар болса, орын ұсынады.

Келушінің қызметкерлерді өз жұмысынан алаңдатпауы үшін есікті қақпай кіргені дұрыс. Басшының кабинетіне алдында хатшы болмаса ғана қағып кіруге болады. Басшы қызметкерлеріне есік қағып кіруді ескерткен болса, бұл ережені сақтаған дұрыс.

Қызметкерімен немесе келушімен сөйлесіп отырған басшы іске қатысы жоқ қағаздарды ақтарып кетуден; қайта-қайта телефонмен сөйлесуден; саусақтарымен үстелді тықылдатудан аулақ болғаны жөн.

Мемлекеттік қызметшінің әртүрлі кәсіби сұрақтарды шешудегі адалдығы мен әділдігі, қайырымдылығы мен байсалдылығы, әріптестермен өзара қарым-қатынаста да, жұмыс барысы немесе жеке мәселемен келген сырт адамдармен қатынаста да маңызды рөл атқарады.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады. Сенімге селкеу түсірмеу – әрбір мемлекеттік қызметшінің қызметтік және азаматтық міндеті.

2. Мақсаты

Педагогтардың эмоционалды тұрақтылығын арттыру арқылы:

- Әдепті қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту;
- Балалар мен ата-аналар алдында кәсіби мінез-құлықты сақтау;
- Күрделі жағдайларда сабырлы және әділ шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру.

3. Міндеттері

- Эмоцияларды басқарудың педагогикалық әдістерін түсіндіру;
- Педагогикалық әдеп нормалары мен эмоционалдық интеллект арасындағы байланысын көрсету;
- Стресс жағдайларын жеңілдету жолдарын көрсету;
- Педагогтардың тәжірибелік жаттығулар арқылы эмоционалды тұрақтылығын дамыту.

4. Эмоциялық тұрақтылық дегеніміз не?

- Стресс пен қиындықтарға қарсы сабырлы болу қабілеті;
- Балалар мен ата-аналармен қарым-қатынаста тұрақты эмоция көрсету;
- Қиын жағдайларда дұрыс шешім қабылдау.

Көрсеткіштері:

- Сабырлық
- Төзімділік
- Қиындыққа қарсы икемділік
- Қарым-қатынаста әділдік

Педагогтың жемісті еңбегі бұл – эмоциялық тұрақтылықпен тікелей байланысты. Эмоциялық тұрақтылықты көтеру эмоционалдық иілгіштікке, яғни өзгені түсіне білуге, өз ойын барабарлық (адекваттық) түрде жеткізе білуге өтуге мүмкіндік беретін эмоциялық мәдениетті көтеруге әсер етеді. Сонымен мәселе эмпатия мен экспрессия жайында болады. Эмоциясы енжар педагог ашық эмоциясы жоқ болып көрінеді және бұл жағдай балаларды түрлі жаман әрекеттер жасауға итермелеп, келеңсіз оқиғалардың тууына себепкер болады. Неліктен балалар өздерінің нашар қылықтарымен педагогтан өздеріне таныс мимикаларды, қимылдарды шығарып алуға тырысатындықтарын талқылау. Көбінесе, ересек адамдар сұсты болып көріну арқылы балаларды тәртіпке келтіруге болады деп есептейді. Кейіннен бұл бейне педагогтың жүзінен ұзақ уақытқа орын алып, педагогтық барлық қылықтарына басшылық жасайды (осындай бейне жасап отырған адамның сезімдері жайында қатысушыларға айтқызу). Бұл қандай қылықтар? Күмәндану, сенбеу, қызбалану. Осының барлығы балаларға беріледі. Балалар да педагогқа осындай қылықтармен жауап береді. Экспрессия бұл – шынайы сезімдерді жандандыру. Ол шығармашылықтың оянуына, бастамашылық көрсетуге, эмоциялық байланысты жеңіл орнатуға, жағдайдың өзгерісін байқай алуға және өзінің педагогиялық әсер ету стратегиясын өзгерте қоюға әсер етеді. Эмоциялық иілгіштіктің екінші бір құрамдас бөлігі бұл –

эмпатия. Бұл өзге адамның эмоциялық жағдайын түсіне білу қабілеті. Эмпатиясы бар педагог ешуақытта педагогикалық мәдениетсіздікке жол бермейді. Педагогтың балаға деген эмпатиялық қарым-қатынасы және осы қарым-қатынастың экспрессивті көрінісі баланың өзіндік бағасының көтерілуіне, жағымсыз жағдайларды азайуына әкеледі.

5. Педагогикалық әдеп пен эмоциялық тұрақтылық байланысы

Әдеп элементі Эмоциялық тұрақтылықпен байланысы

Сыпайылық Сабырлы және жылы қарым-қатынас орнатады

Құрмет Баланың сезімін түсінуге мүмкіндік береді

Теңдік Барлық балаларға әділ қарауға көмектеседі

Мейірімділік Позитивті эмоцияны сақтауға ықпал етеді

6. Талқылау сұрақтары

1. Эмоциялық тұрақтылық педагог үшін неге маңызды?
2. Қандай жағдайларда педагог эмоциялық тұрақтылығын жоғалтуы мүмкін?
3. Эмоцияны бақылаудың қандай тәсілдері бар?
4. Сабырлы педагог балаға қандай үлгі көрсетеді?
5. Қиындық кезінде өз эмоциясын қалай басқаруға болады?

Педагогқа ұсыныстар

- Күнделікті эмоционалды рефлексия жүргізу;
- Күрделі жағдайда эмоцияны басқару әдістерін қолдану;
- Позитивті қарым-қатынас үлгілерін сақтау;
- Сабырлылық пен мейірімділікті күнделікті тәжірибеге енгізу.

Қорытынды

Эмоциялық тұрақтылық – педагогикалық әдептің негізі.

Сабырлы, мейірімді, әділ педагог балалар мен ата-аналар алдында сенімді тұлға болып көрінеді.

Баланың эмоционалды дамуы педагогтың өз эмоциясын басқару деңгейіне тікелей байланысты.

